

"Апелляциялық комиссия туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 4 тамыздағы № 1221 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 996 бұйрығы.

"Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңының 3-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Патент заңы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 4-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі Заңының 3-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына және "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 29 маусымдағы Заңының 4-бабы 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Апелляциялық комиссия туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 4 тамыздағы № 1221 мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Апелляциялық комиссия туралы ережеде:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдің әрекетіне жеке немесе заңды тұлғаның шағымы келіп түскен жағдайда, уәкілетті орган қызметкерлерінің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссияны құрады. Апелляциялық комиссия келіп түскен шағымды қараған кезеңде патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысы аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімімен мән-жайларды анықтау мақсатында үш ай ішінде тиісті шешім қабылдағанға дейін тоқтатыла тұрады, бұл туралы патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде белгі жасалады.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) уәкілетті органға патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданысын тоқтату туралы талап қою арызын сотқа жіберуге ұсыным жасау;
2) шағымды қанағаттандырудан бас тарту."

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК